Ана тілі. 1 сынып.



# Сабақ тақырыбы:

## Бәйшешек. Заттың қимылын білдіретін сөздер

Бастауыш сынып мұғалімі:

Құрманбаева Жазира Мұхитқызы

## Сабақ мақсаты:

1. Оқушылардың оқу-жазу дағдыларын жетілдіру, заттың қимылын білдіретін сөздер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; сөздік қорын молайту және шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.
3. Оқушыларды эстетикалық, экологиялық тәрбиеге баулу, ой-өрістерін кеңейту, әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.





## 1-тапсырма

# Өткенді қайталау



# Қайдан келдің бауырсақ?

# Ара адамды неге шағады?





# Кім тапқыр?

# Ойынның шарты:

- **Мұғалім кез келген сөзді айтады, ал оқушылар оған қимылды білдіретін сөзді қосып тіркес құрастырады.**



- Балалар



- Қыздар



Әтеш



- Көбелек



# 2 - тапсырма








# Жаңа сабақ



## “Бәйшешек” Н.Әлімқұлов

*Бәйшешектен білеміз*
*Көктем келіп қалғанын.*
*Мәз боламыз, күлеміз,*
*Көрсек гүлін жарғанын*
*Қараторғай келіпті,*
*Үйшік жасап берейін.*
*Алғашқы гүл көрікті –*
*Бәйшешекті терейін.*



# Сөздік жұмыс

- Мәз боламыз – қуанамыз
- Гүл жару – гүлдеу,



# Сергіту сәті

*Қане, қанат жазайық,*
*Қарлығаш болып ұшайық*
*Ұшып-ұшып алайық,*
*Қане, қайта қонайық.*

# 3 - тапсырма

**“Гүл” сөзін қатыстырып, кісі аттарын ойластыру.**



# 4 - тапсырма

## Ортақ сөзді табу.

***Берілген заттардың бәріне ортақ сөзді тап.***

Аққу, үйрек, кеме –
Ұшақ, құс, көбелек –



# 5 - тапсырма
# Дәптермен жұмыс

1. Не істейді?

жазады, ...

2. Артық сөзді тап.

а) Оқушы, балалар, қыздар, оқыды.

ә) Ойнады, биледі, кешікті, әдемі.

б) Сары, қызыл, жасыл, өседі.

в) Бәйшешек, өседі, гүлдейді, жайқалады.



3. Көркем жаз.

Ғ Ғ

Ғалымбек

ғарыш

жағалау

# Сергіту сәті

- Жоғары қарап аспан көрдім,
- Төмен қарап жер көрдім.
- Оңға, солға бұрылдым,
- Егеменді ел көрдім.

# 6-тапсырма

## 1)*Ұйқасын тап*

Жеймін деп көп қауынды,
Менің ішім .... .
Арба сықырлап жүрді
Ит арсылдап .... .
Сүрініп кетіп құлады
Аяғым деп .... .

***Керекті сөздер:*** ауырды, үрді, жылады.

## 2) *Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып айту*

Жаңбыр .... . Оқушы .... .

Күн.... . Көктем... .



# 7-тапсырма



## Терме диктанты.

### Қимылды білдіретін сөздерді тауып жазу.

Атай торғайды үйіне әкелді.

Терезе жақтауына отырғызды. Алдына жем әкеп қойды.

Торғай жем жеді.

Біраз күннен кейін торғай қанатын жазып ұшып кетті.



# Үйге тапсырма:

252 - жаттығу.

“Бәйшешек” өлеңін жаттап алу.

Өлеңнің екінші шумағын көшіріп жазу.



Мақтақыз бен мысықтың оқушыларға риза болып, сиқырлы бәйшешектерін сыйға тартуы



Алтын уақытыңызды бөліп,

ашық сабағымызға

қатысқаныңызға көп-көп рақмет!